

2010 - 2014 жылдарға арналған республикалық индустрияландыру картасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 14 сәуірдегі № 303 Қаулысы.

Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.09.17 № 1206 Қаулысымен.

"Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 958 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) 2010 – 2014 жылдарға арналған республикалық индустрияландыру картасы;

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.09.17 № 1206 Қаулысымен.

2. Инвестициялық жобаларды іске асыру барысын бақылау жөніндегі жауапты мемлекеттік органдар ай сайынғы негізде, есепті айдан кейінгі айдың 5-күніне дейінгі мерзімде "Жобаларды басқарудың ақпараттық-талдамалық жүйесі" ақпараттық жүйесінің (бұдан әрі – жобалық офис) есептік нысандарын толтыруды қамтамасыз етсін.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 04.07.2012 N 685 қаулысымен.

3. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері екі апта мерзімде өңірлік Индустрияландыру карталарын бекітсін және жобалардың іске асырылу барысына мониторингті жүзеге асырсын.

4. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі тоқсан сайын есепті айдан кейінгі айдың 15-күніне дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасының Үкіметіне жобалардың іске асырылу барысының мониторингі бойынша ақпарат берсін.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.09.17 № 1206 Қаулысымен.

5. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Мемлекеттік органдардың бірыңғай көлік жүйесі базасында жобалық офистің техникалық жұмыс істеуін қамтамасыз етсін.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.09.17 № 1206 Қаулысымен.

6. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі, "Қазақстандық индустрияны дамыту институты" акционерлік қоғамы (келісім бойынша) жобалық офисті ақпараттық, әдіснамалық, талдамалық және бағдарламалық сүйемелдеуді қамтамасыз етсін.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.09.17 № 1206 Қаулысымен.

7. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

8. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2010 жылғы 14 сәуірдегі
№ 303 қаулысымен
бекітілген

2010-2014 жылдарға арналған республикалық индустрияландыру картасы

Ескерту. Карта жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 24.02.2014 № 126 қаулысымен.

Р/с №	Жобаның атауы	Жауапты мемлекеттік орган және ұлттық холдинг	Өңір	Жобаға беруші	өтініш	Іске асыру мерзімі*/жобаның мәртебесі	2014 жылға инвестицияларды игеру жоспары, млн. теңге
1	2	3	4	5	6	7	
1.	Болат өндірісін жылына 6 млн. тоннаға дейін ұлғайта отырып, "Арселор Миттал Теміртау" АҚ-ны дамыту және жаңғырту	ИЖТМ	Қарағанды облысы	"Арселор Миттал Теміртау" АҚ		2010 – 2018 ж.ж.	7 531

2.	Ақтөбе қаласында жаңа ферроқорытпа зауытын салу (№ 4 цех)	ИЖТМ	Ақтөбе облысы	"Қазхром" трансұлттық компаниясы" АҚ	2009 – 2013 ж.ж.	8300,46
3.	Қуаты жылына 75 мың тонна Қарағанды кешенді қорытпалар зауытының 1-кезегін салу	ИЖТМ	Қарағанды облысы	"Қарағанды кешенді қорытпалар зауыты" ЖШС	2012 – 2015 ж.ж.	1 500
4.	Металданған өнім өндіру зауытын салу	ИЖТМ	Қостанай облысы	"Соколов-Сарыбай кен байыту өндірістік бірлестігі" АҚ	2011 – 2015 ж.ж.	38 750
5.	Бозшакөл КБК салу	ИЖТМ	Павлодар облысы	"Kazakhmys Boshakol (Қазақмыс Бозшакөл)" ЖШС	2010 – 2014 ж.ж.	36 252
6.	Ақтоғай КБК салу	ИЖТМ	ШҚО	"Kazakhmys Aktogay (Қазақмыс Ақтоғай)" ЖШС	2011 – 2016 ж.ж.	103 069
7.	Қуатын жылына 300 мың тонна ферроқорытпаға дейін жеткізе отырып, ферроқорытпа өндірісін және оның шикізат базасын әртарапандыру және кеңейту	ИЖТМ	Жамбыл облысы	"Тараз металлургия зауыты" ЖШС	2011 – 2016 ж.ж.	198,115
8.	Қостанай қаласында ұсақ сұрыпты илек орнағын салу	ИЖТМ	Қостанай облысы	"Евраз Каспиан Сталь" ЖШС	2010 – 2013 ж.ж.	-
9.	Өскемен қаласында толық циклді автозауыт және автоқұрамдауыштар шығаратын технопарк салу	ИЖТМ	ШҚО	"Азия Авто" АҚ	2010 – 2015 ж.ж.	15 300
10.	Қазақстан Республикасында жүк вагондарын шығаратын қуаттар құру	ИЖТМ, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ АҚ (келісім бойынша)	Павлодар облысы	"Қазақстандық вагон жасау компаниясы" ЖШС	2009 – 2011 ж.ж.	-
11.	Электровоздар жасауды ұйымдастыру	ИЖТМ, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ	Астана қаласы	"Қазақстан темір жолы" ҰК" АҚ	2010 – 2012 ж.ж.	-

		АҚ (келісім бойынша)				
12	КAZ PV қазақстандық кремний негізінде фотоэлектрлік модульдер өндірісін құру	ИЖТМ, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ (келісім бойынша)	Алматы облысы, ШҚО және Астана қаласы	"Қазатомөнеркәсіп ҰАК" АҚ	2011 – 2012 ж.ж.	13 747
13	Минералдық тыңайтқыштар шығаратын зауыт салу	ИЖТМ	Жамбыл облысы	"ЕвроХим-Тыңайтқыш" ЖШС	2011 – 2018 ж.ж.	-
14	Аммиак, азот қышқылы және аммиак селитрасы өндірісін жаңғырту	ИЖТМ	Маңғыстау облысы	"ҚазАзот" ЖШС	2011 – 2012 ж.ж.	-
15	Өндірістік қуағы жылына 180 мың тонна күкірт қышқылы зауытын реконструкциялау	ИЖТМ, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ (келісім бойынша)	Ақмола облысы	"Қазатомөнеркәсіп-КҚЗ" БК" ЖШС	2010 – 2014 ж.ж.	779,822 (акт бойынша ҚҚС-сыз)
16	№ 3 станциясының энергия блогын орнатып, Екібастұз МАЭС-2 кеңейту және реконструкциялау	ИЖТМ, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ (келісім бойынша)	Павлодар облысы	"Самұрық-Энерго" АҚ	2010 – 2015 ж.ж.	62 598 (акт бойынша ҚҚС-сыз)
17	Екібастұз МАЭС-1 кеңейту және реконструкциялау	ИЖТМ, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ (келісім бойынша)	Павлодар облысы	"Екібастұз МАЭС-1" ЖШС	2010 – 2016 ж.ж.	50 433 (акт бойынша ҚҚС-сыз)
18	Балқаш ЖЭС-ін салу	ИЖТМ, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ (келісім бойынша)	Алматы облысы	"Самұрық-Энерго" АҚ	2010 – 2018 ж.ж.	96 430 (акт бойынша ҚҚС-сыз)
19	Шардара ГЭС-ін жаңғырту	ИЖТМ, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ (келісім бойынша)	ОҚО	"Самұрық-Энерго" АҚ	2010 – 2016 ж.ж.	569 (акт бойынша ҚҚС-сыз)
20	Қазақстанның ұлттық электр желісін жаңғырту, II кезең	ИЖТМ, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ (келісім бойынша)	Өңіраралық жоба	"KEGOC" АҚ	2010 – 2016 ж.ж.	7 733,922
21	"Қорғас" шекара маңы ынтымақтастығы	ИЖТМ, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ"	Алматы облысы	"Қорғас" шекара маңы ынтымақтастығы	2005 – 2018 ж.ж.	4 095

	халықаралық орталығының инфрақұрылымын салу	АҚ (келісім бойынша)		халықаралық орталығы" АҚ		
22	Қарағанды облысындағы Индустриялық парктің инфрақұрылымын салу	ИЖТМ	Қарағанды облысы	"Сарыарқа" ӘКК	2007 – 2014 ж.ж.	921
23	"Абу-Даби Плаза" көпфункционалды кешенін салу	ИЖТМ	Астана қаласы	"Aldar Properties PJSC" ЖШС	2010 – 2016 ж.ж.	-
24	Ақмола облысының Бурабай ауданындағы "Бурабай" арнайы экономикалық аймағының шекараларында туристік ойын-сауық кешенін салу	ИЖТМ	Ақмола облысы	"Tourism Borovoe City" ЖШС	2009 – 2021 ж.ж.	-
25	Шымкент қаласында "Химфарм" АҚ-ның өндірістік қуатын кеңейту	ИЖТМ	ОҚО	"Химфарм" АҚ	2009 – 2013 ж.ж.	2 238
26	Аффинаж зауытын салу	ИЖТМ, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ (келісім бойынша)	Астана қаласы	"Тау-Кен Самұрық" ҰТК" АҚ	2012 – 2013 ж.ж.	-
27	Каустикалық сода, үшхлорлы фосфор және глифосат өндірісі	ИЖТМ, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ (келісім бойынша)	Жамбыл облысы	"Бірлескен химия компаниясы" ЖШС	2013 – 2015 ж.ж.	31 096
28	Көмір химиясы өнімдерін өндіретін зауыт пен көмір шығаратын разрез салу	ИЖТМ, Қарағанды облысының әкімі	Қарағанды облысы	"АРБАТ" БК" ЖШС	2013 – 2019 ж.ж.	69 116
29	Nomad моделіндегі Ssang Yong маркалы автомобильдерін СКД әдісімен (ұсақ тораптық)	ИЖТМ, Қостанай облысының әкімі	Қостанай облысы	"СарыарқаАвтоПром" ЖШС	2012 – 2014 ж.ж.	2 324

	жинақтау өндірісін құру					
30	Қызылорда қаласында табақшыны өндіретін зауыт салу	ИЖТМ, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ АҚ (келісім бойынша)	Қызылорда облысы	"Самұрық-Қазына Инвест" ЖШС	2013 – 2015 ж.ж.	18 864
31	Екібастұз – Шүлбі ГЭС (Семей) – Өскемен 500 кВ желісін салу	ИЖТМ, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ АҚ (келісім бойынша)	Өңіраралық жоба	"KEGOC" АҚ	2011 – 2017 ж.ж.	8 053
32	Рельсті арқалық зауыты	ИЖТМ, Ақтөбе облысының әкімі	Ақтөбе облысы	"Ақтөбе рельсті арқалық зауыты" ЖШС	2012 – 2014 ж.ж.	26 445,8
33	Калий сульфаты өндірісі	ИЖТМ, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ АҚ (келісім бойынша)	Жамбыл облысы	"Бірлескен химия компаниясы" ЖШС	2014 – 2018 ж.ж.	37,44 (акт бойынша ҚҚС-сыз)
34	Интеграцияланған газ-химия кешенін салу	МГМ, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ АҚ (келісім бойынша)	Атырау облысы	"Kazakhstan Petrochemical Industries Inc" ЖШС	2010 – 2016 ж.ж.	12 051 (акт бойынша ҚҚС-сыз)
35	"Бейнеу – Бозой – Шымкент" газ құбырын салу	МГМ, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ АҚ (келісім бойынша)	Өңіраралық жоба	"ҚазМұнайГаз" ҰК АҚ	2011 – 2015 ж.ж.	84 153
36	Ақтау пластикалық массалар зауытында жол битумдарын шығару	МГМ, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ АҚ (келісім бойынша)	Маңғыстау облысы	"ҚазМұнайГаз" ҰК АҚ	2010 – 2013 ж.ж.	-
37	Атырау МӨЗ-ін реконструкциялау және жаңғырту	МГМ, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ АҚ (келісім бойынша)	Атырау облысы	"ҚазМұнайГаз" ҰК АҚ	2010 – 2016 ж.ж.	144 905,521
38	Шымкент МӨЗ-ін реконструкциялау және жаңғырту	МГМ, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ АҚ (келісім бойынша)	ОҚО	"ҚазМұнайГаз" ҰК АҚ	2010 – 2016 ж.ж.	33 663,049
39	Павлодар мұнай-химия зауытын жаңғырту	МГМ, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ АҚ (келісім бойынша)	Павлодар облысы	"ҚазМұнайГаз" ҰК АҚ	2010 – 2016 ж.ж.	5 635

40	К5 экологиялық класындағы мотор отынының өндірісі	МГМ	БҚО	"Конденсат" АҚ	2012 – 2015 ж.ж.	10 045,5
41	"Батыс Еуропа – Батыс Қытай" халықаралық транзит дәлізін реконструкциялау	ККМ	Өңіраралық жоба	ККМ	2007 – 2015 ж.ж.	120 385
42	FTTH (Fiber to the Home) желілерін салу	ККМ, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ (келісім бойынша)	Өңіраралық жоба	"Қазақтелеком" АҚ	2010 – 2014 ж.ж.	19 528
43	"Жезқазған – Бейнеу" жаңа теміржол желісін салу	ККМ, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ (келісім бойынша)	Өңіраралық жоба	"Қазақстан темір жолы" ҰК" АҚ	2012 – 2016 ж.ж.	25 632
44	"Арқалық Шұбаркөл" жаңа теміржол желісін салу	ККМ, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ (келісім бойынша)	Өңіраралық жоба	"Қазақстан темір жолы" ҰК" АҚ	2012 – 2015 ж.ж.	29 096
45	Алматы облысында Алматы қаласының 4 серіктес қаласын салу (1-кезең)	ӨДМ	Алматы облысы	"G4 City" ЖШС	2008 – 2031 ж.ж.	8 047,7
46	"KazSat" жерсеріктік байланыс және хабар тарату жүйесін құру	ҰҒА	Астана қаласы	ҰҒА	2006 – 2014 ж.ж.	-
47	Ғарыш аппараттарын құрастыру-сынау кешенін құру	ҰҒА	Астана қаласы	ҰҒА	2008 – 2015 ж.ж.	8 300
48	Қазақстан Республикасының Жерді қашықтан зондтау ғарыш жүйесін құру	ҰҒА	Астана қаласы	ҰҒА	2006 – 2014 ж.ж.	5 433
49	"Байқоңыр" ғарыш айлағында "Бәйтерек" ҒЗК құру	ҰҒА	Қызылорда облысы	ҰҒА	Перспективалық	-
50	Бутадиен және синтетикалық каучук өндірісі	МГМ, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ (келісім бойынша)	Атырау облысы	"Бірлескен химия компаниясы" ЖШС	Перспективалық	-

51	Маңғыстау облысында полимерлі өндірісі өнім	МГМ, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ АҚ (келісім бойынша)	Маңғыстау облысы	"Бірлескен химия компаниясы" ЖШС	Перспективалық	-
52	Атырау облысында полимерлі өндірісі өнім	МГМ, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ АҚ (келісім бойынша)	Атырау облысы	"Бірлескен химия компаниясы" ЖШС	Перспективалық	-
53	"Кендірлі" курорттық демалыс аймағын дамыту	ИЖТМ	Маңғыстау облысы	Маңғыстау облысының әкімдігі	Перспективалық	-
54	Қарашығанақ және Қашаған кен орындары шикізаттарының базасында мұнай-химия өндірісін ұйымдастыру	МГМ, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ АҚ (келісім бойынша)	Атырау облысы/БҚО	"Бірлескен химия компаниясы" ЖШС	Перспективалық	-
55	Кальцийленген сода өндірісі	ИЖТМ, Жамбыл облысының әкімдігі	Жамбыл облысы	"Енким" компаниясы	Перспективалық	-
56	Алматы қаласындағы әлемдік деңгейдегі тау-шаңғы курорты	ИЖТМ, Алматы қаласының әкімдігі	Алматы қаласы		Перспективалық	-
57	Торғай ЖЭС-ін салу	ИЖТМ	Қостанай облысы		Перспективалық	-
58	Ерейментау қаласы ауданында перспективада 300 МВт дейін кеңейте отырып, қуаты 50 МВт ЖелЭС-ін салу	ИЖТМ, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ АҚ (келісім бойынша)	Ақмола облысы	"Самұрық-Энерго" АҚ	Перспективалық	-
59	Перспективада 300 МВт дейін кеңейте отырып, Шелек дәлізінде қуаты 60 МВт ЖелЭС-ін салу	ИЖТМ, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ АҚ (келісім бойынша)	Алматы облысы	"Самұрық-Энерго" АҚ	Перспективалық	-
60	Ақтау қаласында бу-газ құрылғысын салу	ИЖТМ, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ АҚ (келісім бойынша)	Ақтау қаласы	"Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ	Перспективалық	-
61	Қарағанды ЖЭО-4	ИЖТМ, Қарағанды облысының	Қарағанды облысы		Перспективалық	-

		әкімдігі				
62	Хромтау қаласында жаңа ферроқорытпа зауытын салу (№ 5 цех)	ИЖТМ	Ақтөбе облысы	"Қазхром" трансұлттық компаниясы" АҚ	Перспективалық	-

* іске асырылуы республикалық бюджеттен қаражат бөлуге де байланысты жобалар бойынша іске асыру мерзімдері тиісті кезеңдерге арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат көлеміне орай нақтыланатын болады

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

ИЖТМ - Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі

ККМ - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі

МГМ - Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігі

ӨДМ - Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі

ҰҒА - Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігі

"ҚазМұнайГаз" - "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" ҰК" АҚ акционерлік қоғамы

"Самұрық-Қазына" - "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры"

ҰӘҚ" АҚ акционерлік қоғамы

ШҚО - Шығыс Қазақстан облысы

ОҚО - Оңтүстік Қазақстан облысы

ӘКК - әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорация

МӨЗ - мұнай өңдеу зауыты

КҚЗ - күкірт қышқылы зауыты

ЖЭС - жылу электр станциясы

КБК - кен байыту комбинаты

ҒЗК - ғарыш зымыран кешені

ГЭС - гидроэлектр станциясы

МАЭС - мемлекеттік аудандық электр станциясы

ЖЭО - жылу электр орталығы

ҰЭЖ - ұлттық электр жүйесі

АҚ - акционерлік қоғам
БК - бірлескен кәсіпорын
ЖШС - жауапкершілігі шектеулі серіктестік
"Қазақстан темір жолы" Ұлттық
"Қазақстан темір жолы" ҰК" АҚ компаниясы" акционерлік қоғамы
"Қазатомөнеркәсіп" - "Қазатомөнеркәсіп" Ұлттық атом
ҰАК" АҚ компаниясы" акционерлік қоғамы
"Тау-Кен Самұрық" - "Тау-Кен Самұрық" Ұлттық тау-кен
ҰТК" АҚ компаниясы" акционерлік қоғамы
БҚО - Батыс Қазақстан облысы
ЖелЭС - жел электр станциясы

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2010 жылғы 14 сәуірдегі
№ 303 қаулысымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне
енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар**

1. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 11.08.2018 № 502 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. "Қазақстан Республикасы экономикасының бәсекеге қабілеттілігі мен экспорттық мүмкіндіктерін сапалы жаңа деңгейге жеткізудің 2008 - 2015 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 28 желтоқсандағы № 1332 қаулысында:

көрсетілген қаулымен мақұлданған Қазақстан Республикасы экономикасының бәсекеге қабілеттілігі мен экспорттық мүмкіндіктерін сапалы жаңа деңгейге жеткізудің 2008 - 2015 жылдарға арналған тұжырымдамасында:

1-бөлімнің 3-кіші бөлімінің алтыншы абзацындағы екінші сөйлемі алып тасталсын;

"Төртінші басымдық. Бәсекеге қабілеттіліктің тік және көлденең аспектілерінде":

"Негіздеме және іс-қимылдар стратегиясы" деген кіші бөлімнің бесінші және отыз екінші абзацтары алып тасталсын;

"Басымдықты іске асыру картасы" деген кіші бөлімнің сегізінші абзацы алып тасталсын;

"Бесінші басымдық. Тиімді бизнесте":

"Негіздеме және іс-қимылдар стратегиясы" деген кіші бөлімнің бесінші абзацындағы ", "Қазақстандағы 30 корпоративтік көшбасшы" бағдарламасын іске асыру" деген сөздер алып тасталсын;

"Басымдықты іске асыру картасы" деген кіші бөлімнің алтыншы абзацы алып тасталсын.

3. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің Экономикасы және қаржы жүйесін тұрақтандыру жөніндегі 2009 - 2010 жылдарға арналған бірлескен іс-қимыл жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қарашадағы № 1085 қаулысында:

көрсетілген қаулымен мақұлданған Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің Экономиканы және қаржы жүйесін тұрақтандыру жөніндегі 2009 - 2010 жылдарға арналған бірлескен іс-қимыл жоспарында:

"Инновациялық, индустриялық және инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру" деген бөлімнің бірінші абзацындағы екінші сөйлем алып тасталсын.

4. "Қазақстан Республикасында рұқсат беру жүйесін жетілдірудің 2009 - 2011 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 27 қарашадағы № 1100 қаулысында:

көрсетілген қаулымен мақұлданған Қазақстан Республикасында рұқсат беру жүйесін жетілдірудің 2009 - 2011 жылдарға арналған тұжырымдамасында:

"Кіріспе" деген бөлімнің екінші абзацындағы ", "Қазақстанның 30 корпоративтік көшбасшысы" бағдарламасы" деген сөздер алып тасталсын.

5. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.12.14 № 1599 Қаулысымен.

6. "Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің 2009 - 2011 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 желтоқсандағы № 1222 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің 2009 - 2011 жылдарға арналған стратегиялық жоспарында:

"Ағымдағы ахуалды талдау" деген 2-бөлімнің оныншы абзацындағы ", "30 корпоративтік көшбасшы" бағдарламасын іске асыру" деген сөздер алып тасталсын.

7. "Мемлекет басшысының 2009 жылғы 6 наурыздағы "Дағдарыстан жаңару мен дамуға" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 6 наурыздағы № 264 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Мемлекет басшысының 2009 жылғы 6 наурыздағы "Дағдарыстан жаңару мен дамуға" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылға арналған іс-қимыл жоспарында (Жол картасы):

"Агроөнеркәсіптік кешенді жедел дамыту және "Қазақстанның 30 корпоративтік көшбасшысы" Бағдарламасының екінші бағытын іске асыру" деген 2-бөлім алып тасталсын.

8. "Мемлекет басшысының 2009 жылғы 6 наурыздағы "Дағдарыстан жаңару мен дамуға" атты Қазақстан халқына жолдауын іске асыру жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылға арналған іс-қимыл жоспарын (Жол картасын) орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 10 наурыздағы № 274 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Мемлекет басшысының 2009 жылғы 6 наурыздағы "Дағдарыстан жаңару мен дамуға" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылға арналған іс-қимыл жоспарын (Жол картасын) орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарында:

реттік нөмірі 40-жол алып тасталсын;

"Агроөнеркәсіп кешенін жеделдетіп дамыту және "Қазақстанның 30 корпоративтік көшбасшысы" бағдарламасының екінші бағытын іске асыру" деген 2-бөлім алып тасталсын.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2010 жылғы 14 сәуірдегі
№ 303 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. "Қазақстанның 30 корпоративтік көшбасшысы" бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 19 қарашадағы № 1097 қаулысы.

2. "Мемлекет басшысының 2008 жылғы 6 ақпандағы "Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру - мемлекеттік саясаттың басты мақсаты" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асырудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2008 жылғы 15 сәуірдегі № 88-ө өкімі.

3. "Қазақстан Республикасының экономикасын жаңғырту мәселелері жөніндегі сараптама кеңесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2008 жылғы 6 мамырдағы № 121-ө өкімі.

4. "Қазақстанның 30 корпоративтік көшбасшысы" бағдарламасының екінші бағытын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2008 жылғы 26 тамыздағы № 224-ө өкімі.

5. "Шикізат емес сектордың отандық орта кәсіпкерлік субъектілерінің өсуін жүйелік қолдау жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу үшін жұмыс тобын құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2008 жылғы 20 қыркүйектегі № 244-ө өкімі.